



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

2017 жылғы 10 мамырда
жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры Ж.Қ. Асановқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Менің депутаттық сауалыма мынадай жағдай себеп болып отыр.

Сауат деген бар, білім деген бөлек. Біз әлем халықтарының сауаттылық рейтингінде 11 орында тұрмыз. Шүкір, 99,6 пайыз халқымыз әріп таниды. Ал білімдіміз деп айта аламыз ба? Мысалы, қаржылық білім тұрғысынан. Мен айта алмаймын. Себебі, жыл сайын жаңа атпен шығатын қаржылық пирамидаларға бар тапқанын салып, одан опық жеп, ақшасы күйіп инсульт алып, несиесін жаба алмай туысымен ат құйрығын кесіскен ағайын көп. Өте көп.

Мынаны айтпасыма болмады – биыл Qwestra World (Квестра Уорлд) деген қаржылық компанияның дақпырты жүріп тұр. Аңқау қоғам олардың «сен – инвесторсың» дегеніне сеніп, жиған-терген бар ақшасын сонда салуда. Көлік алуға, үй алуға, бизнес ашуға деп жинаған қордағы қаржының бәрін осы компанияның шотына салып, одан аз уақытта пайда көремін деп алданып отыр және алданғалы жатыр.

Осы Квестра тақылеттес Қазақстандағы компанияның орта деңгейлі менеджеріне өзінің астына келіп қосылғандар 12 миллион доллар жинап беріпті. Біз толық көлемде ақшаның көлемін біле алмаймыз – қисапсыз. Енді осы Квестра секілді компаниялар өздерін Испанияда орналасқан дегенмен, негізгі мекенжайы Виргин аралдары секілді оффшорда орналасқан.

Айтайын дегенім, қаншама халықтың ақшасы шетел асып, ізі жоғалып жатыр. Кім бұған жауап береді? Онсыз да кризис болып жатқанда, әр азамат өз қолымен ақшаның дефицитін жасап жатыр.

Бұл компаниялардың бәрі заңсыз. Қазақстанға бір тиын салығын төлемейді. Шетелдіктер бізге ақша бермейді, бізден ақшаны алып кетеді. Осыны түсініңіздерші! Бұған дейін де «Хеликс», «Делс Капитал», «Индиго»

секілді компаниялар болды, «пайданы табасындар, тек ақшанды әкесең болды» деп миллиардтан теңгені халықтан жиып алған соң, жабылып қалды. Бұлардың соңынан тергеу жүргізген біреу бар ма, бар болса, неге әшкересін шығармаймыз?

Дәл осы сәтте қазақ Квестраға ақша салу үшін кредит алып, ломбардқа алтынын өткізіп, көлік-үйлерін сатып жатыр. Өне-міне деген Квестраң да жабылады, үрленген шар секілді жарылады, ақырында инсульт, инфаркт алған кедей ағайын қалады. Сосын кім жаман? Үкімет жаман! Себебі, бұндай қаржылық компанияларды тексеру керек еді, тоқтату керек еді, халықты қаржылық сауаттандыру керек еді дейді. Дұрыс та!

Қазір Қазақстанда екі қолынан іс келетін 8,9 миллион халық бар дейікші. Өзі 2015 жылы бұл сан 9 миллионның үстінде еді, жыл сайын түсіп келе жатқаны тағы бар. Бұған да ойлану керек негізі. Былтыр осы халықтан 5 миллион жүз мыңының кредиті болған банктен. Енді осылардың ішінен 1 миллион жүз мыңы кредитті қайтаруға қиналған. Берешегі бір триллион екі миллиард теңгеден асып кеткен. Айтайын дегенім, халық онсыз да кредит алып, қарыздың қамытын киіп, қиналып жатқанда, мынадай қаптың түбін тескен шетелдік алаяқ қаржылық компаниялардың ісін тезірек бақылауға алып, тоқтатуды қарастыру керек.

Осы депутаттық сауалға жауапты заңнамада белгіленген мерзімде берулеріңізді сұраймын.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Б. Тілеухан